


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

М. Бұқарбай

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

2-курс магистранты, Қазақстан, Астана қ.

E-mail: Marzhan.bukarbay@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАС КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аннотация. Этнолингвистический анализ казахских национальных головных уборов имеет исключительное значение для лингвистики. Через особенности одежды раскрывается не только национальная принадлежность её владельца, но и отражаются традиции, обычаи, социальный статус, профессиональная деятельность и множество других характеристик. В этом контексте головные уборы становятся своеобразным культурным кодом, хранящим этнографические, философские, мифологические и образовательные смыслы. Их значение выходит за рамки утилитарной функции защиты от природных условий – холода, жары, осадков и ветра, – они также символизируют многообразие национального творчества и процессы его становления. Каждой категории дано подробное определение, а также раскрыто семантическое значение названий головных уборов.

Ключевые слова: этнолингвистика, головные уборы, казахская национальная одежда, казахские национальные головные уборы.

Annotation. The ethnolinguistic analysis of Kazakh national headwear holds exceptional significance for linguistics. Through the characteristics of traditional clothing, one can discern not only the national identity of its owner but also reflect on their traditions, customs, social status, professional activities, and numerous other attributes. In this context, headwear serves as a unique cultural code, preserving ethnographic, philosophical, mythological, and educational meanings. Its importance extends beyond the utilitarian function of protection from natural elements – cold, heat, precipitation, and wind – to symbolize the diversity of national creativity and the processes of its formation. Each category has been given a detailed definition, and the semantic meanings of the names of the headwear have been explored.

Keywords: ethnolinguistics, headwear, Kazakh national clothing, Kazakh national headwear.

Этнографиялық лексика тіл мен адамның, мәдениет пен сананың сабақтастығын көрсетіп, объективті түрде дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырады. Тіл халық мәдениетін, ұлттық құндылықтарды бойына сақтайды. Кез келген халықтың танымдық ерекшелігін тіліндегі этнографизмдерден көре аламыз. Этнографизмдер мағынасына қарай заттық мәдениет атаулары мен рухани мәдениет атаулары деп бөлінеді. Атап айтсақ, баспана атаулары, киім-кешек атаулары, жиһаз атаулары, қару-жарақ атаулары, тұрмыстық және зергерлік бұйым атаулары мен ойын, ырым-тыйым, наным-сенім, жосын-жоралғы атауларынан тұрады. Бұл атаулардың әрқайсысы өз алдына жеке топ құрап, бірнеше лексика-семантикалық топтарға жіктеледі.

Материалдық мәдениет атауларына кіретін киім-кешек атауларын ғалым Р.Г. Ахметьянов киім атаулары, бас киім атаулары, аяқ киім атаулары деп үш түрге бөледі [1, 174]. Киім-кешек атаулары әр тап өкілдерінің әлеуметтік орнына, қызмет-кәсібіне қарай түрліше киінетінінен хабар береді. Сондықтан да ғалым Ж.Манкеева киім-кешек атаулары қазақ халқының көркемдік мұрасы ғана емес, оларды халықтың тарихи, қоғамдық, әлеуметтік болмысынан да бағалы деректер беретін мол қазынасы ретінде танылатындығын өз зерттеуінде атап көрсетеді [2, 19]. Расында, қазақтың ұлттық киімдері өздерінің негізгі кәсібі – мал шаруашылығына байланысты және тұрмыс жайы – көшіп-қонып жүруіне ыңғайлы етіп тігілді. Тарих деректері бойынша судың тұнығы мен шөптің сонысын қуалап, көшіп-қонып жүретін көшпелі және жартылай көшпелі ата-бабаларымыз киімді малдың илеген терісінен, жұқа киізден, қойдың, түйенің жүнінен тіккен [3, 37]. Қазақтың ұлттық киімінде халықтың ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады. Бұл ерекшеліктер киімге тағылатын зергерлік бұйымдардан да айқын сезіледі. Мысалы, қазақ даласында өнер көрсеткен сал-серілердің киім үлгісі өздерінің талғамына сай сан өрнекті, әшекейі көп болып келеді. Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан да киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын танытады [4, 310]. Жалпы, әр халықтың ұлттық киімдері сол халықтың рухани өмірінің әртүрлі салаларымен, соның ішінде эстетикалық және діни-магиялық идеялармен байланысты болып келеді.

Киім-кешек атауларының ішінде бас киім атаулары ерекше орын алады. Қазақ халқының этнографиясы жайында көптеген зерттеу еңбектерін қалдырған академик Ә.Қайдар бас киімге «Баскиім – басқа арналып тоқылған, тігілген киім түрлерінің (тымақ, құлақшын, малақай, сәукеле, тақия, бөрік) жалпы атауы», – деген анықтама бере отырып, қазақ халқында бас киімнің ерекше қасиетке ие екендігіне тоқталады [5, 260]. Бас киімді үнемі көтеріп қояды, аяқ астына тастамайды. Ж. Артықбаев «Этнология және этнография» атты еңбегінде бас киім атауларының келесі түрлерін көрсетеді: *қалпақ, малақай, құлақшын, бөрік, тымақ, тақия, сәукеле, орамал, күндік, кимешек, желек, жаулық* т.б. [6, 71].

Бас киімдердің семантикалық құрылымы олардың белгілі аймақтық, жастық және т.б. ерекшеліктерге байланысты бөлінуінен туындайды. Ғалым Қ.Кенжалиннің еңбегінде бас киімдер төмендегідей топтарға жіктелген:

- Жыныстық ерекшеліктеріне байланысты;
- Жас ерекшеліктеріне байланысты;
- Әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты;
- Маусымдық ерекшеліктеріне байланысты;
- Картаграфиялық орналасуына (аймақтық, ру-тайпалық бөлінісіне) байланысты [7].

Ал, академик Ә. Қайдар бас киімдерді жыныстық ерекшеліктеріне сай бөліп қарастырады. Әйел адамдар да, ер адамдар да киетін, тек белгілі бөліктері арқылы ерекшеленетін бас киімдердің бар екендігін көрсетеді [6, 75]. Ендеше, көпшілікке белгілі, жиі айтылатын бас киім атауларының семантикалық құрылымына тоқталайық.

Бөрік – «бөрі» қасқыр деген сөзден шыққан. Ал, қасқыр түрік тайпасының байырғы тотемі саналған. Бөрік қозы, қой немесе түрлі аң терілерінен әртүрлі үлгіде тігіледі. Төбесі көбінде төрт сай немесе алты сай болып келеді. Қыздар киетін бөріктің төбесіне үкі немесе әртүрлі шашақ тағып, зерлі жіппен кестелеп, меруерт, маржан тізбелер мен алтын немесе күміс түймелер таққан. Аталуы жиегінің белгілі бір аң терісімен көмкерілуіне байланысты болды: құндыз, сусар, пұшпақ бөрік және т.б.

Тақияны балалар да, ер адамдар да, тұрмысқа шыққанға дейін қыздар да киеді. «Түбәтәй» деген жалпы түркі атауы төбе (мысалы, таудың төбесі) дегенді білдіретін «төбе/түбе/төпе» сөзінен шыққан деп есептеледі. Өз кезегінде, төбетей зұлым рухтардан қорғауды білдіреді және Құдайға мойынсұнудың, ата-бабалардың, ата-аналар мен үлкендердің дәстүрлеріне адалдықтың бір түрі ретінде қызмет етті. Дәстүрлі мәдениетте егде жастағы ер адамдардың бұл бас киімсіз жүруі әлі күнге дейін айыпты болып саналады. Қазақ төбетейінің семантикасын оның безендірілу жолы айқын көрсетеді, олардың көпшілігі – сәндік-қолданбалы өнердің нағыз жауһарлары. Егде жастағы ер адамдар көбінесе қара түсті тақия кесе, ал жастар әшекейленген және түрлі-түсті ашық түстермен боялған жібек, алтын немесе күміс жіппен кестеленген «Зер тақия» киген. Үлкендердің бас киіміне қарағанда жасөспірімдердің бас киім ерекшелігі шошақ төбелі тақиядан байқалады: оның етегі үш елі болып, төбесі аласа шошақ келеді. Төбесі мен етегіне әртүрлі ою-өрнек салып, кейбіреуіне төрт бүйір өрнегі мен етегіндегі өрнегі қарайлас түсіріледі, кейбіреуінің төбесіне де ұласпалы өрнектер айналдырылады, кесте шым кесте етіп баттастырылмай, жіңішкелеп, әдемілеп тігіледі.

Сәукеле – ұзатылған қыз киетін бас киім. Оны арнайы басылған, ақ киізден немесе арасына жүн салып сырыған матадан жасап, сыртын арнайы барқыт, атлас, мәуіті, шұға сияқты қымбат маталармен қаптайды. Шетіне құндыз, кәмшат терісі ұсталады. Сәукеле үш қарыс шамасындай болып, өн бойына алтын, күміс, меруерт-маржаннан әшекей тағылып, сырты жібек жіппен кестеленеді және арнайы күмістен жасалған төбелдір маңдайшасы болады. Сыртында жерге жететін, ақ жібек жаулық болады. «Сәукеле» лексемасы «сәу» және «келе» толық мағыналы екі сөзден құралған. «Сәу» компоненті көпшілік түркі тілдерінде кездеседі: көне түркі тілінде *say* – здоровый, целый, хороший. Ал екінші компоненті қырғ. күлә – «түбетейка, надеваемая под чолму, конусообразная шапка», парсы тілінде *куга* – шапка календера; *чаг.кулық* – головная повязка; азерб. *гүллә* – башня мағыналарында берілген. Ертеректе ұзатылатын қызға арнап сәукелені алдын ала тіктірген. Тіпті сәукеленің сәнді

болуына, құнына аса мән берген. Сәукеле де – басқа ұлттық киімдер секілді халықтың ақыл-ойының, эстетикалық талғамының жемісі. Ондағы қымбат, бағалы тастар, матасы мен ою-өрнегі қыз баланың қоғамдағы орнын көрсетеді. Үкінің жүні қазақтың ескі салты бойынша әсемдіктің белгісі саналады. Ертеректе киімдердің етек-жеңіне ою-өрнек салу, үкі тағу жын-перілерден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды, магиялық күш әсер етеді деген сенімнен туған. Кейіннен үкіні тақия, сәукеленің төбесіне, домбыраға, бесікке қадаған. Үкінің қара қасқасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған. Үкі құсын қазақ қасиетті деп білген. Ежелгі бақсылар, батырлар, сал-серілер де үкі тағып жүрген. Тіпті бір үкі бір аттың құнына бағаланған.

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын «бөртпе» деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін «салы» деп те атаған. Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бұл сөз түркі тілдерінің бәрінде де кездеседі. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде бұл сөзі орамалмен бірдей мағынада жұмсалады. Бір топ орыс ғалымдары бұл сөздің түбірін «jar» деп алып, «накрывать, покрывать» сөздерінің мәнінде қарастырған. Расында, шаш – әйел адамы үшін құнды қазына. Соны жабу үшін жаулық тағатын болған.

Кимешек – көбіне ақ матадан немесе ақ жібектен тігілетін бас киім. Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған. Оның жиектерін көмкеріп кестелейді. Осы қызметіне байланысты оның «киім» және «ішік» деген толық мағыналы екі сөзден туындағаны жайлы пікірлер бар. Жас келіншектердің бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі де көркем тігіледі. Мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады. Бірақ әшекеленбейді. Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты әртүрлі үлгілері болады. Кимешекті 25-40 жас аралығындағы әйелдер киген. Ғалым Ж.А.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде кимешек сөзін «ақ матадан тігілген, омырау мен арқаны жауып тұратын, беті ойылып жасалған әртүрлі үлгідегі бас киім» деп түсіндіреді [2, 35].

Тымақ – ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Тымақтың мынадай түрлері болады: түлкі тымақ, елтірі тымақ, сеңсең тымақ, пұшпақ тымақ. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін тымағына қарап та таныған, яғни арғын, жалайыр мен найман тымағы немесе Торғай, Семей тымағы деген үлгілері болған. Тымақ – биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етегі бар жылы бас киім. Сыртын берік, қымбат маталармен тыстайды. Екі құлағына ызбалы бау тағады. Етегін төбеге қайырып қою үшін, тымақтың артқы жағына тобылғыдан немесе берік ағаштан тиек (құрысқақ) жасап қадайды. Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, оған аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра ретінде қалып отырған. Бұрынғы кезде қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған. Бұл – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көрініс.

Бүркіншек – басқа салатын жамылғы. «Бүрке, бүркеулі, бүркеусіз, бүркеншікті», т.б. сөздер бір түбірден өрбіп, бүркеу, яғни, жамылу мағынасын беретінін байқаймыз.

Қорытындылап айтқанда, қазақ халқының әрбір ұлттық киімінің өзіндік мәні бар. Ол негізінен халқымыздың мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан бас киімдердің де ерекше дәстүрлік, аймақтық артықшылықтары болған. Сәйкесінше, ондай мәнді бас киім атауларынан байқаймыз. Әрбірінің семантикалық құрылымы бас киімнің сыртқы түріне, матасына және т.б. белгілеріне қатысты. Олардың қалыптасуының тарихи үдерісін, уәжділігін, даму заңдылықтарын зерттеу лингвистикалық сипатын аша түседі. Халықтың болмыс-бітімін, тілдік ерекшелігін көрсете алатын лексикалық бірліктердің семантикасын білу арқылы ұлтымыздың тілдік қорының байлығын танимыз.

Әдебиеттер

- 1 Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков / Р.Г. Ахметьянов. – М.: Наука, 1978. – 247 с.
- 2 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі мәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356 б.
- 3 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 4 Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 5 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- 6 Артықбаев Ж.О. Қазақтың танымдық этнографиясы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 240 б.
- 7 Кенжалин Қ.К., Ахмет А.Н. Қазақтың ұлттық бас киім атауларының этнолингвистикалық сипаты. – Электрондық ресурс. // [file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B0%D0%BB%D1%82%D0%BE%D1%88%D0%B0/Downloads/+%D0%9A%D0%B5%D0%BD%D0%B6%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BD%20%D0%9A%D1%83%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%88%D0%B1%D0%B5%D0%BA%20%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BC%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87%20-1-%20DOI%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/%D0%A1%D0%B0%D0%BB%D1%82%D0%BE%D1%88%D0%B0/Downloads/+%D0%9A%D0%B5%D0%BD%D0%B6%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%BD%20%D0%9A%D1%83%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%88%D0%B1%D0%B5%D0%BA%20%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BC%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87%20-1-%20DOI%20(1).pdf)

Ә.А. Данияр

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты, Қазақстан, Астана қ.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ: СУБЪЕКТ, ОБЪЕКТ, АДРЕСАТ («Бабырнама» еңбегі бойынша)

Аннотация. Нематериальное культурное наследие имеет значение на исторической арене великих шелковых путей. Он охватывает различные сферы жизни и отражается в традициях, обычаях, языке, музыке, танцах, ремеслах, церемониях, легендах и исторических событиях. В данной статье в «Бабурнаме» описывается языковая картина нематериального культурного наследия, встречающаяся в письменном наследии, в частности рассматриваются элементы пропозиции в семантическом синтаксисе – субъект, объект, использование адресата в предложениях Бабура. По синтаксической структуре предложений, содержащихся в памятных записях о нематериальном культурном наследии той эпохи, прослеживается передача актанта внутри текста.

Ключевые слова: культурное наследие, традиции, ритуал, пропозиция, актанта, связка

Abstract. The intangible cultural heritage of the Great Silk Way Road has the core role in historical area. It covers various spheres of life and is reflected in traditions, customs, language, music, dance, crafts, ceremonies, legends and historical events. The article depicts linguistic expression of intangible cultural heritage in "Baburnama". The primary focus was on the semantic syntactic components of the propositions in Babur's sentences such as, subject, object, addressee. The actant was noted in the scripts of that era's intangible cultural heritage, based on the sentence's syntax structure. The text's substance and its feature of utilizing the many forms of intangible cultural heritage from the Babur era in contemporary Kazakh society are decided upon based on the study examples that were gathered.

Keywords: cultural heritage, tradition, the content of the text, proposition, actant, cohesion.

Ұлы Жібек жолы керуен жолдарының тарамдары арқылы түрлі мәдени аралық байланыстар мен алмасулар Орталық Азиядағы елдер арасындағы жаңа салт-дәстүрлер мен жоралғылар қалыптастыруға көмектесті. Мәдени алмасудың бір дәлелі – ғасырдан ғасырға халықтың өмірінен көрініс табатын материалдық емес мәдени мұралар. ЮНЕСКО-ның 2001, 2003 және 2005 жылдарды жариялау нәтижесінде Бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұраның тоқсан көрнекті элементтерін қамтитын тізім жасалды. Бағдарлама материалдық емес мәдени мұраның екі категориясын анықтады: 1) халықтық және дәстүрлі көріністердің формалары және 2) мәдени кеңістіктер, соңғысы «халықтық және дәстүрлі іс-шаралар шоғырланған орындар» ретінде анықталды [1, 6].

«Бабырнама» жазба мұрасы – орталық және Оңтүстік Азияның тек материалды мәдени әрі рухани мұрасының ғана емес, материалдық емес мәдени мұрасының маңызды бөлігі, себебі ол аймақтың тарихы мен мәдениетін жан-жақты түрде сақтауға және түсінуге көмектеседі. Бұл еңбектің авторы – Заһир әд-Дин Мұхаммед Бабыр өз ғұмырын туған жерінен тыс жерде өткізді. Оның өмірі Ауғанстан және Үндістан сияқты елдермен байланысты болды. Бабыр